

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.09 - 29.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың дене қызуын өлшеу, жалпы сыртқы көрінісін тексеру, көңіл күйін байқау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ұйымдастырылған іс-әрекетке балалардың қалай қатысатыны және оларға қажетті оқу құралдары туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары	"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам орындау.	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды,	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинау мен тәртіпке келтіру дағдыларын қалыптастыру;

	таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, жұмысты ұқыпты істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
	Үстел үсті ойыны "Лото. Жыл мезгілдері". Міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа тәрбиелеу. Бұл қашан болады? Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды	Саусақ жаттығуы. "Топ, топ, добым домалақ". Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің.	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Менің көк Туым!" Міндеттер: балаларды Қазақстан Республикасының Рәміздері туралы білімдерін кеңейтіп, оның ішінде Ту туралы нақты мәлімет беру. Үстел үсті ойындары:	Саусақ жаттығуы "Топ, топ, добым домалақ". Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің.	Жапсырудан ойын-жаттығу "Менің мемлекетімнің туы" Міндеттер: балаларды қағазды жырту, уағдау әдісі бойынша мемлекетіміздің туын жапсыруға үйрету. Үстел үсті ойыны. "Сиқырлы сандар". Міндеттері.

	таңдайды. (танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Кітаптарды қарау, әңгімелеу. Суреттеріне қарап жануарлар аттарын атауды біледі. (қатынас іс-әрекеті)	Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он - дедім Сайға сырғып жөнелдің (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Пазлы» Міндеттер. Балалардың танымдық қызығушылықтары артады. (танымдық іс-әрекет)	Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он - дедім Сайға сырғып жөнелдің (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балалардың ұғымындағы сандар туралы білімдерін бекіту. Балалар сандар мозаикасын құрайды. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Ертеңгілік жаттығу	1. "Секіртпені соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу. 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу. 3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру. 2 бастапқы қалыпқа келу. 4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы.				

	Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату. 1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру. 4 бастапқы қалыпқа келу. 5. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру. 1 заттардан аттап жүру. 2 секіртпемен еркін секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Алтын күз тақырыбы бойынша күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (танымдық іс-	"Күз" туралы жұмбақтар шешу. (танымдық іс-әрекет)	"Күз" туралы тақпақтар жаттау. (танымдық іс-әрекет)	"Күз" тақырыбына байланысты мнемокарталармен жұмыс істеу. Балалар суретке бойынша толық мәтінді	Мозаика. Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету,

	әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)			құрастырады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "Дауыссыз дыбыстар". Мақсат-міндеттері. Дауыссыз дыбыстың ерекшелігін айту, балалардың ұғымындағы сөз, сөйлем, буын туралы ойларын қалыптастыру. Қазақ тілі "Менің Отаным - Қазақстан. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері".	Сауат ашу негіздері "[а] дыбысы және А а әрпі" Мақсат-міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін таныстыру. Математика негіздері "Тәулік бөліктерін қайталау". Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт пен тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейту; тәулік бөліктерін	Математика негіздері "Астанаға саяхаттап барамыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың кеңістіктегі оң жақта, сол жақта орналасуы жайлы түсініктерін кеңейту; заттарды сандық мөлшері бойынша салыстыруды жаттықтыру. Қазақ тілі "Менің Отаным - Қазақстан. [А], [Ә]	Математика негіздері "Саябақтың жапырақтарын кім санапты?" Мақсат-міндеттері. Балаларды сопақша мен үшбұрышты дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажыратуға жаттықтыру; заттардың салмағын өлшеміне қарай қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып	Сауат ашу негіздері "[а] дыбысы және А а әрпін қайталау" Міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін қайталату. Сурет салу "Киіз үйді безендірейік" Міндеттер: балаларды киіз үйдің пішініне қазақ оюларының "гүл", "ирек" сияқты өрнекті элементтерін үйлестіріп салу

Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы Қазақстан Республикасының рәміздері, отан туралы түсініктерін кеңейту, Қазақстанның табиғи байлықтарын насихаттау; І әрпімен таныстыру, дыбысталу ерекшелігіне бейімдеу; Қазақстан жайлы өлеңдермен, отан туралы мақал-мәтелдермен таныстыру; балаларды Мемлекеттік Елтаңба мен Тудың бейнесіндегі ерекшеліктерді ажыратуды және еске сақтауды үйрету; зат есім мен сын есім бар сөз тіркестерін	ажыратуды, нақты атауды қайталау. Музыка "Ана тілім". Мақсат-міндеттері. Балаларды тіл туралы әнді қызыға айта білуге үйрету; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру. Сөйлеуді дамыту "Рәміздер - ұлттық құндылық" Балаларға Қазақстан Республикасының Мемлекетінің рәміздері туралы түсіндіру. Тіл байлықтарын дамыту. Қазақстанның жері мен қалаларын таныстыру. Мемлекетік	дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)". Мақсат-міндеттері. Балаларды [-а], [-ә] дыбыстары және А а және Ә ә әріптерімен таныстыру. А, Ә әріптерін ауа арқылы жазып көрсету. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету; [-а], [-ә] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету; [-а], [-ә] дыбыстары кездесетін сөйлемді құрастыру, сөзге	өлшеп анықтауды үйрету. Сөйлеуді дамыту "Рәміздер - ұлттық құндылық", пысықтау. Міндетер. Балаларға Қазақстан Республикасының Мемлекетінің рәміздері туралы түсіндіру. Тіл байлықтарын дамыту. Қазақстанның жері мен қалаларын таныстыру. Мемлекетік рәміздерімізді құрметтеуге, елімізді сүюге және қорғауға тәрбиелеу. Музыка "Көңілді ноталар". Мақсат-міндеттері. Балаларға тіл туралы	техникасына үйрету. Дене шынықтыру "Гимнастикалық орындықта білек пен тізеге сүйене отырып еңбектеу" Мақсат-міндеттері. Балаларды гимнастикалық орындықта білек пен тізеге сүйене отырып еңбектеуге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру. Көркем әдебиет "Ана тілім - байлығым" пысықтау. Міндеттері. Біздің мемлекетік тіліміз - ана тілі және әр ұлттың өз тілі болатынына түсінік беру.
--	---	---	---	---

	кұрастыру, оларды түрлендіріп қолдануға дағдыландыру; балаларды отансүйгіштікке, бірлікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Кел, күш сынасайық". Міндеттері. Балаларға заттардан аттап өту; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен "жыланша" ирелеңдеп жүгіру; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалатуды үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Елімнің байлығы - тұз". Мақсат-міндеттері.	рәміздерімізді құрметтеуге, елімізді сүюге және қорғауға тәрбиелеу.	мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрату арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізуді, байланыстыра сөйлеуді үйрету, білімқұмарлыққа тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Ұқыптылыққа, сауаттылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Отаны туралы білімдерін кеңейту. Дене шынықтыру "Кел, күш сынасайық" пысықтау. Міндеттері. Балаларға заттардан аттап өту; бір сызыққа қойылған	әнді қызыға айтуды үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Бау-бақшамыз - сәніміз!" Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің өсуі және дамуы, өсіп-өнуіне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру.	
--	---	--	---	---	--

	Балаларды өлі табиғаттың компоненттерімен және қасиеттерімен таныстыру; тұздың өмір үшін маңыздылығымен таныстыру; өздігінен тәжірибе жасауға қызығушылықтарын арттыру.		заттардың арасымен "жыланша" ирелендеп жүгіру; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалатуды үйрету. Көркем әдебиет "Ана тілім - байлығым". Міндеттері. Біздің мемлекетік тіліміз - ана тілі және әр ұлттың өз тілі болатынына түсінік беру.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (дербес әрекет)				
Серуен	Қара жидекті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.	Тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тастар туралы,	Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Желдің күшін	Жапырақтың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.	Қарақатты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.

Қара жидекпен танысуды жалғастыру. Зерттеу. Қара жидек жапырақтарын үлкейткіш әйнек арқылы қарау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Еңбек әрекеттерін орындауды; топта жұмыс істеуді үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Орман жолдары". Мақсат-міндеттері. Жағдайларға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.	жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру. Зерттеу. Тасты үлкейткіш әйнек арқылы тексеру. Не көрінеді? (Жарықтар, өрнектер.) Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы тастарды жинау және олардан композиция құрастыру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету; шығармашылық қиялын дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Тас, қайшы, қағаз", "Епті жұп".	анықтауды үйренуді жалғастыру; балалардың ұғымындағы жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, істелген жұмыстан рақат алуды үйретуді жалғастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Батпырауық пен тауық". Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрықтарын тыңдауды үйрету;	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін кеңейту. Зерттеу. Бірден құлап түскен жапырақтарды табу; жан-жаққа тербеліп ақырын ұшатын жапырақтарды табу; бұтақтарға жабысып ұшатын жапырақтарды табу; түскен жапырақтардан асфальтқа өрнек салу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша алаңында жапырақты тазартуға сыпырушыға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Мақсатқа бірлескен	Қарақатпен таныстыруды жалғастыру. Зерттеу. Қарақат пен итмұрын арасындағы айырмашылықтарды табу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ересектерге бақшада өсетін бұталарға күтім жасауға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілеті мен тілегін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Жыртқыш" Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын,
---	--	--	--	--

	Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту. Жалпы дамыту жаттығулары. Мақсат-міндеттері. Жалпы дамытушы жаттығуларға қызығушылықты сақтау. (дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттері. Педагогті мұқият тыңдауды үйрету, табандылықты дамыту; допты бұрышқа лақтыруды үйрену. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Допты нысанаға лақтыру қабілетін нығайту.	зейінді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: доппен жаттығу. Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап жерге лақтыруды жалғастыру. (дене шынықтыру)	күш-жігермен жете отырып, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Түлкі мен қоян". Мақсат-міндеттері. Жануарлардың тіршілік етуі мен әдеттері туралы түсінік қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)	ептілікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-				

	гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.				
Түскі ұйқы	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Қаршақыз» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қояды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті	Вариативті компонент -	Дамытушы ойын. "Сынық телефон".	Дидактикалық ойын.	Дамытушы ойын. "Жылы сөздер	Вариативті компонент. Жас

(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ағылшын тілі "Numbers 6-10. How many? Letter Cc" Міндеттер: "six, seven, eight, nine, ten" лексикалық бірліктерін беру және Cc әрпімен таныстыру. "How many?" фразаларымен таныстыра отырып, сөйлеу қабілетін дамыту. Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе	Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға	"Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуды, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі	қобдишасы". Мақсат-міндеттері. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, біздің	зерттеуші "Алтын күз" Міндеттер: табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу. Сөздік жаттығу. "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, олардың қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына,
--	---	--	--	---	--

сипатында не дұрыс еместігін айтуға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ	сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп сөзді бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.	таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден тандап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керектігін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды және тағы басқа. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-	қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн". Мақсат-міндеттері. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді мерекелеу туралы білімдерін кеңейту; жақынға сүйіспеншілікке,	ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған мнемокарточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып атау керек. - Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - қолшатыр. - Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр. - Аяқ - аяқкиім, аяқтау. - Шаш - шашбау. - Көз - көзілдірік, Аякөз.
--	---	---	--	--

	төменнен жоғары емес, жоғардан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаш ұясында емес, аулада, ағаш үйшікте мекендейді", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжеттік-рөлдік	(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет	әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді атап өтуге қажетті безендіру жабдықтар, торт және басқа тәттілердің жасанды нақпіндері, журналдан қиылған суреттері; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері. Шарты. Педагог балалармен бірге әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні туралы алдын ала әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді	- Қап - қолғап; қаптау. - Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары. - Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Мектеп". Мақсат-міндеттері. Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; педагогтің қызметі туралы жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ",
--	---	--	---	---	--

ойын. "Сән көрсету подиумы". Мақсат-міндеттері. Балалардың "сән көрсету" және "подиум жолы" ұғымдарын қалыптастыру; фотосуретші, киім үлгісінің дизайнері, модель мамандығының иесі жайында түсініктер беру; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін, дене бұлшық еттерін дамыту; адамға деген құрметке, төзімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Құралдар. Подиум жолының макеті, түрлі киім үлгілері, киім	әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог ойын алдында немесе оның алдында балалармен сұлулық салонынды қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен	Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен бірге көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың	әзірлейтінін анықтайды; туған күнін атау салтының қайдан келгенін талқылайды. Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегін жасау керектігін жоспарлайды. Содан кейін балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдарды алып, туған күніне дайындай бастайды. Туған күні иесін балалар санамақ арқылы тағайындау мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күнінің иесі	"үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Үстел мен орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер. Шарты. Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке экскурсияға
---	---	---	---	---

үлгілерінің сызбалары. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, әртүрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, зерттейді, олар жайында алдын ала әңгімелеседі. Әңгімелесулер барысында педагог сән көрсету, подиум туралы, киім үлгісінің дизайнері, фотосуретші, модель бала (қыз бала, ұл бала) туралы нақтылы түсініктерді ұсынады. Педагог көрнекі материалдарды дайындаған кезде балалар сән үлгілеріне көңіл аударуы керек.	татанысады, дәріханада қызмет ететін мамандар туралы алдын ала әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қандай маман, қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар өзара сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады. Педагог мамандарға өз орындарын дайындап отыру жайында, ал	міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды	болып үлгеруі тиіс. Алғашында, педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, ойынға өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуінде бірнеше себеп болады: қонақтардың жақсы дос болғаны, тағамдары дәмді болғаны, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалғаны айтылады. (қарым-қатынас іс-әрекеті,	ертіп апаруға болады. Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын ала қарап, педагог пен оқушылар жайында әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады. Алғашында, педагогтің рөлін өзі ойнауы мүмкін, содан кейін рөлді қалаған балаларға тапсыра алады. Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну сияқты қасиеттердің
--	---	---	--	--

	Балалар дизайнерді таңдап, ол киім үлгілерін дайындайды, модель балаларға киім үлгілерін көрсетеді; көрсетілім өткеннен кейін сахнаға шығып, құрметін білдіреді. Фотосуретші - модель (сән үлгісін көрсетуші) балалардың жүрісі кезінде оларды фотосуретке түсіріп жатады. Модель балалар өз киім үлгілерін подиум жолымен асықпай жүріп, көрермендерге киім үлгісін ұсынады. Ұлдар мен қыздардың жүрісі бөлек болады, бұны ескеру керек. Қалған балалар көрермендер болып,	тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетіндегі суретті көрсету арқылы түсіндіреді. Алғашында, педагог диалогтарды реттеп жатады, балаларға тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)
--	--	---	---	--	--

	өз орындарына қатарға отырады, көрсетілімді тамашалайды, қошеметтейді. Алғашында, педагог өз тарапынан ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: дизайнер болу үшін киім үлгісін әдемі салу керек, киімді әдемі тігу керек; модель (сән үлгісін көрсетуші) болу үшін әдемі жүріп, суретке түсіп, көрерменге киімнің				
--	---	--	--	--	--

	үлгісін әдемі жағынан көрсету керек; фотосуретші суреттерін әдемі шығару керек; барлығы адамдар үшін; сәнді көрсету еңбегінде көп төзімділік қажет. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойындар. "Геометриялық пішіндер". Мақсат-міндеттері. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып айтуды үйрету. Көрнекілік. Ою-өрнектер,	Саусақ театры. "Қасқыр және жеті лақ" ертегісін саусақ театры арқылы сахналау. (шығармашылық іс-әрекет)	"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру	Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Мұқатай Жылқыайдарұлы "Күз" . Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп	"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту. Барысы.

	геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер. Барысы. Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып, педагогтің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс (үшбұрыш, шаршы, дөңгелек және тағы басқа). Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды. Тапсырмалар: а) дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойыңдар (үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді);		кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы. Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз. Дастарқанда таба нанға Айналыпты алтын күз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Астана - еліміздің әдемі, үлкен қаласы. (танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)
--	--	--	---	---	---

	б) дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойындар (бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді); в) дәл осындай пішінді көрсетіндер (дөңгелекті көрсетеді) және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіндер. Ойын соңында қорытынды шығарылады. Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады. Ойынның барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды, санауды және біреуі артық немесе кем санды тауып, оны атауды үйренеді.				
--	---	--	--	--	--

	(танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті)				
Серуенге дайындық	Балаларға топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, орнына қойып, киімдерді ретімен киюді үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. (дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте	Көркем сөз. Отан Отанды біз атамекен Деп аялап атаймыз. Өйткені оны мекен	Сөздік ойын: «Сиқырлы қалта» Міндеттер: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға,	Көлеңке тетры: «Алтын жұмыртқа» ертегісі Мақсат-міндеттер: Ертегі құра отырып,	Зерттеу іс-әрекеті Тақырыбы: Батады-батпайды Міндеттер: Өлі табиғатқа деген

бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Отан тақырыбында әндер жаттау. (музыка) Өнер бұрышында Отан тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу	еткен Бабамыз бен атамыз. (қарым-қатынас іс-әрекеті). Зерттеу іс әрекеті Тақырыбы: Сүт өнімі Міндеттер: Сүттің қасиетін, түсін анықтайды. Тәжірибе жүргізеді.	сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. (қатынас іс-әрекеті) Зерттеу іс-әрекеті Тақырыбы: Құм терапиясы Міндеттер: Құмның қасиетін зерттеуді үйренеді.	балалардың сөйлеу мәдениеті қалыптасады. (қатынас іс-әрекеті) Зерттеу іс әрекеті Тақырыбы: Ұн неге түйіршектеліп қалады? Міндеттер:.. Нан қайдан келетінін, оны қалай дайындайтыны, туралы зерттеу жүргізеді.	көзқарастын, құбылыстары мен объектілерін экологияларық қалыпты жағдай жүйелеу және тереңдету. ДҰ: «Айырмашылығын тап» Міндеттер: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйренеді. (танымдық іс-әрекет) М. Монтессори технологиясымен жұмыс. Міндеттер: Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу.
--	---	--	--	---	--

	іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін ойындар.				(танымдық іс-әрекет)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарда мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»»	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-анаға балабақшаға уақытында келуін ескерту.	Айына бір рет отбасы күнін өткізу.	"Қош келдің, Алтын күз!" тақырыбына жоба ұйымдастыру.